ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 23 тамыз №2301-23-00-2/1506 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А.Р.Балмуханованың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы А.М.Динжанова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «АВС» басшысы Чиналиев Ринат Газизович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Р.Қ.Бисенова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 25 мамырдағы мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптар арасында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №27 шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшасына сәйкес жауапкер тапсырыс берушіге сайттарды әзірлеу/ құру бойынша жұмыстарды жасауға міндеттенген.

Шарттың сомасы – 1 412 000 теңге, орындау мерзімі – Шарт күшіне енген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде болып белгіленген.

Шарттың 9.1. тармағына сай, шарт тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркеген күннен бастап күшіне енеді.

Шарт жоғарыда аталған органда 2023 жылғы 01 маусымда тіркелген.

Демек, шарттың орындалу мерзімі шартқа сәйкес 2023 жылғы 01 шілде.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, жауапкермен шарттың міндеттемелері орындалмағанын, жұмыс жасалмағанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызына жауапкермен қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талабын қуаттап, оны толық көлемде қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (әрі қарай – АПК) 196-бабының 4- бөлігін басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Шарттың орындалу мерзімі – 2023 жылғы 01 шілде.

Қазіргі таңда, жауапкер шарт міндеттемелерін тиісінше орындамаған.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 196, 117,223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер Жеке

Құжатқа қол қойылған: Балмұханова А. Р., 28.08.2023

2301-23-3-1/1742

кәсіпкер «АВС» басшысы Чиналиев Ринат Газизовичті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «АВС» басшысы Чиналиев Ринат Газизович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «АВС» басшысы Чиналиев Ринат Газизовичтен мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Р.Балмуханова

Көшірмесі дұрыс

Сот төрағасы А.Б.Саудабаев

Анықтама:

Шешім заңды күшіне 2023 жылғы 29 қыркүйекте енді.

Сот төрағасы А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 28.08.2023

2301-23-3-1/1742